

фической науки, методики и психологии обучения правописанию имеет прочную базу предыдущих изысканий и новых достижений, которые актуализируют данное научное направление.

1. Голев Н.Д. Помехи письменной речи как проблема коммуникативной орфографии русского языка. М., 2002
2. Гаспаров Б. Язык. Память. Образ: Лингвистика языкового существования. - М., 1996.
3. Истрина Е. С. Методика русского языка в средней школе.— М., 1935

4. Томсон А. И. К теории правописания и методологии преподавания его в связи с проектированным упрощением русского правописания.— Одесса, 1903

5. Бодуэн де Куртэнэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию.- М.,1968
6. Иванова В.Ф. Принципы русской орфографии.— Л., 1977
7. Пешковский А.М. Избранные труды.— М., 1959.
8. Алгазина Н.Н. Трудные случаи правописания.- М., 1971
9. Приступа Г.Н. Основы методики орфографии в средней школе.- Рязань.,1978

**Ә. Д. Қабылов**

## КҮЛКІ ШЫРАЙЫ

Біздің тілімізде күлкінің әзіл, оспак, әжуа, сықақ, қалжың, келеке, кекесін, келемеж, мазак, мұқату, мошқау, шенеу, қағытпа секілді толып жатқан реңктері бар. Олардың бәрі де күлкінің түрлері болғанмен, бұлар синоним сөздер емес, күлкінің алуан түрлі реңктерін білдіреді. Күлкінің мұндай түрлері адамның күлу себебіне, мақсатына, күлкінің сипатына, күлкі объектісіне қатынасына, күлкілі сөздің мән-мағынасына, күлу кезінде адамның өзін ұстауына, т.б. байланысты айқындалады. Әзіл-сықақ сөздің сипатын ішкі мағыналық астары мен түспалдау немесе ашық мінеу, бетке айту секілді сырт белгілеріне қарай да айыруға болады.

«Сүтке сүт қасылса – сүмесін, сөзге сөз қосылса – демесін» дегендей, тілдегі бір сөзге, жақын ұғымдарға қатысты көптеген қолданыстар болатыны белгілі. Ондай сөздің мәні мен мағыналары өзге сөзбен тіркесіп келуі, контекстегі мағыналық орны арқылы түрленіп, құбылып отырады. Әдебиет тіліндегі жазушының сөз қолданыстары – тілдің сөз байлығын, бейнелілігін, көркемдік мүмкіндігін анықтайтын маңызды фактор. Белгілі бір ұғымды білдіретін сөздердің басқа сөздермен тіркесіп келіп, түрлі мағыналарды беруі, модальдық реңк алуы – поэтикалық мәтін түзуде айрықша мәнге ие. Ғ.Мүсіреповтің: «Сөзге сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады» [2,121], – дегеніндей, сөздердің бір-бірімен қатынасқа түсіп қанаттасуы арқылы ұғымдық-түсініктік мағыналары айқындалып, мәтіннің поэтикалық өрнегіне бірегей стильдік колорит үстейді.

«...Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкінің өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат етіп күл. Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау – құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен келмейді, қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі» [3,100-101], – деген ұлы Абайдың өзі рахат күлкіден бастап, ызалы күлкі, ғибрат күлкі, бай-бай күлкі, бояма күлкілерді атап, олардың ішкі-сыртқы сипаттарына шолып өтеді ғой.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы бір ғана күлкіге қатысты поэтикалық қолданыстарды саралайтын болсақ, жазушы шеберлігінің тағы бір қыры мен сырына тап боларымыз сөзсіз. Мәселен, қаламгер шығармаларынан күлкіге қатысты бір жүзден астам түрлі поэтикалық қолданыстарды кездестіргенімізді айтсақ та жеткілікті. Оларды пайдалану арқылы жазушы көркем мәтіндегі кейіпкерлердің түрлі психологиялық күйлерін бейнелейді. Мысалы: тәкаппар күлкі, жұмбақ күлкі, сиқыр күлкі, монтаны күлкі, жымсиған күлкі, болмашы күлкі, жымың күлкі, жымысқы күлкі, күмілжі күлкі, сылқ-сылқ күлкі, ду-ду күлкі, қыран-топан күлкі, қылмың-қылмың күлкі, жымың-жымың күлкі, бүлк-бүлк күлкі, ашық күлкі, ұры күлкі, сілімтір күлкі,

жымыған күлкі, қарқ-қарқ күлкі, әдемі күлкі, сыпайы күлкі, қақаку күлкі, сақ-сақ күлкі, дуылдаған күлкі, кекесін күлкі, тыжырынған күлкі, жексұрын күлкі, қарқылдасқан күлкі, жайдары күлкі, жайраң күлкі, қуақы күлкі, кеу-кеу күлкі, лақылдақ күлкі, сылқылдақ күлкі, лекілдек күлкі, мәз-мейрам күлкі, марғау күлкі, масаттанған күлкі, зірк-зірк күлкі, т.б.

Жазушының күлкіні бейнелеуінің алуан түрлі амалдарының кейбіріне көз жүгіртелік: «...Сөзінен өтірік тапқысы келіп, аяқтан шалып мұқатып, кекеп-мошқап баққан кер ауыздардың да бірте-бірте мысқылшыл мысық мұрттары салбырап, көздеріне жылт қаша бастады» [4,405]; «Бірақ, қашан көрсең де асығыңды алдап ұтып алғысы келіп жүретін жылмаңтөс балалардай, сыр бермей, жымыш жүретін жылмақай неменің бүгін езуіне ие бола алмай, жымындай амандасып, жымындай қоштасуында бір гәп бар шығар...» [5,11] «...Адам түгілі құдайдың өзін көзіне бір көрсетсең, оның бойынан да бірдене тауып ап, шиге шаншып миығынан күлетін мысқылшыл неменің езуіне біреу әдейі желімдеп қойғандай жабысып ап түспейтін үйреншікті кекесін күлкісі қайда құрыған?» [1,49]; «Кеңсірігіне керги біткен келте танауы таңырайып, басы қосылмай бет-бетіне қашып тұрған күл өңдес мұртына күлкі үйірілді»; «...Ендігәрі бұның көзінше жарық жалғандағы жан біткенге миығынан күлетін мекерлігін көрсете алмастай болған шығар» [1,50]. Мұндай қолданыстардың күлкіні бейнелеудегі көркемдік бітімі, адамның ішкі психологиясы мен сыртқы жай-күйін, мінез қатпарларындағы сана-сезім ағыстарын бейнелеудегі стильдік қызметі өз алдына зерттеуге тұрарлық дүние.

Жазушы өмір құбылыстарын, әлеуметтік тіршіліктің кейбір көріністерін бейнелеу мен бағалауда түрлі ауқымдағы мысқыл, келеке, әжуа, кекесін элементтері мен ирониялық баяндауды өте шебер пайдаланады. Жазушы шығармаларында ирония сатира мен юмор қатарында да, кейде сатира мен юмор ауқымынан да тыс қалып алып, бейнеленуші объектіге авторлық қатынастың (көзқарастың) ерекше бір көрінісі болып келеді. Мұндай баға берудің сыншылдық қуаты, әлеуметтік уыты мен интонациялық екпіні де сан алуан болып келеді. Жазушы шығармаларында бір кейіпкердің басқа кейіпкерге қатысты сырттай айтатын кекесінді ой-пікірінің берілуі хабарлаушылық сипатымен бірге, оған жеке біреудің немесе көпшілік атынан сыншылдықпен баға беру, көзқарасын білдіру амалы болып келеді: «...Имек мұрын агент-

тің жоғалып кетті деп жүрген інісі табылыпты. Ту Сібір асып кеткен екен. Бұрынғы күйеуінен кішкентай қызы бар бір маржаның етегінен ұстапты. Құр тақым қысып жүргенде құлынды биеге қолы бір-ақ жетіп әбден қарқ болып қалыпты...» («Бір шоқ жиде»). Ал «Бір шөкім бұлт» хикаятындағы «кебіс ауыз шабдар қатынның» Күлдәрінің қылығына орай айтатын: «Айналайын кеңес үкіметі талай сары тоқалды талтаңдатты ғой!» – дегенінде сөйлеуші субъектінің тарапынан қоштау, ризашылық рәуіште болса, концептуальдық тұрғыдан қарағанда, бүкіл қоғам сипатын ашып әжуалайтын өткір ирония жатқаны анық.

Ә.Кекілбаев шығармаларында өмір құбылыстарын пайымдаудың терең ағыстары, ішкі сыршылдық пен сыртқы сыншылдық арнаның тоғысып жататын құйылыстары, адам мінезі мен тағдырының сан алуан даңғыл-соқпақтары мен шын-шатқалдарын, ағыс-өзектерін көркем бейнелей отырып ой толғайтын, оқырманын бейжай қалдырмай, кейіпкерлер тағдырына етене жақындастыра түсетін философиялық дегдар ойлар мольнап ұшырасады. Бұл орайда шығарманың концептуальдық мәйегіндегі психологиялық талдауларды лирикалық иірімдер арқылы өзектендіретін, авторлық баяндаудың астарында кейде байыпты талдау мен кейде салмақты мысқыл, кейде ойлы әзіл жататын «Шеткері үй» повесі мен «Ақырғы аялдама» әңгімесін арнайы сөз етуіміз қажет.

Жазушының «Шеткері үй» повесі мен «Ақырғы аялдама» әңгімесіндегі авторлық интентиядан танылатын ойлы әзіл мен астарлы ирония да нақты жағдайларға, негізінен кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ой-танымдарына, солардан туындайтын ортақ нәтижеге, өмір сабағының оймен пішілгенмен, көркем дәлелденген қорытындысына бағыттала отырады. Мұндай әлеуметтік пайымдау лебінде астасып жататын ирониялық стиль автордың өзі суреттеп отырған нақты өмір құбылысына тұрақты сыни баға беру дағдысы мен тілдік оралымдарды қажетінше ойнақы қолдануды талап етеді. Мұндай ирония туралы В.Е.Хализев былай деп жазады: «Наряду с универсальной иронией, направленной на мир и человеческую жизнь в целом, существует (и является весьма продуктивной для искусства и литературы) ирония, порождаемая восприятием и осмыслением конкретных, локальных и одновременно глубоко значимых противоречий жизни людей и их исторического бытия» [6,79].

«Шеткері үй» повесінде Зуһра кемпірдің өткен күндерін еске түсіруі лирикалық шегініс арқылы шолынады. Орталық кейіпкердің сөз-

дері ашық монологтық немесе диалогтық формаларда тікелей көрінбегенімен, авторлық баяндаудың өзі негізінен кейіпкер ойымен, еске алуымен, елестетуімен тоғысып жатыр. Мұндай қос арналы, тоғыспалы стильдің бір ерекшелігі – мұнда кейіпкердің бүкпесіз ішкі сыры, психологиялық халі суреттелумен қатар, автордың баяндау ырғағынан аңдалатын көзқарас, баға беру екпін-интонациясы негізінен әзілдік сурет-өрнектер мен астарлы мысқыл-кекесіннен көрініп отырады.

Жазушының әлеуметшілдік, қоғамшылдық позициясының бір арнасы бұл жолы жеке адамның өз бақыты жолындағы күресінің қарапайым қағидасын естен шығарып, бетінің әрі барда келешегін ойламаған әйел тағдыры арқылы отбасы қызығынан шет қалу, ұрпақ тағдырына немқұрайлылық, пенделік томаға-тұйықтық, өзімшілдік, қоғамнан алшақтау секілді біздің бүгінгі өмірімізде орын алып отырған әлеуметтік-психологиялық мерездердің белгілерін нақты жағдайды пайымдату арқылы келісті көрініс табады. Жастықтың алдамшы жалынына масайраған, өмірдің қызығына мастанған эгоцентрик, сөйте тұра өмірге есесін жіберген әйел Зүһра тағдыры оқырманын немқұрайлы қалдырмайды.

Жазушының «Ақырғы аялдама» әңгімесі де – психологиялық шығарма. Бас кейіпкердің өмір жолын шола отырып, мінезінің бір қырын, онда да бүкіл өмірінің беталысына кері әсер еткен, асқақ армандарына батыл ұмтылып, күш-қайратын орнына жұмсап, өмірден өз орнын алуына кесірін тигізген елеулі қырын – шектен шыққан момындық, ұялшақтықтан туындайтын батылсыздық мінезі, жігерсіздігі психологиялық тұрғыдан жеріне жеткізе талданады.

«Бисеновтің дүниеде ең қорқатыны – жұрттың аузындағы сөз бен езуіндегі күлкі. Әңгіме шығатын, күлкі туатын жерден алты көш алыс жүреді». Осы детальдың өзі кейіпкер болмысындағы ең осал буынды әйгілеп тұр. Баяндалатын уақиға мен кейіпкер характері осы детальдың сырын ашып, мәнін әшкерелейді.

Осы жұмбақ күлкі қайдан ғана пайда болып еді?! Алғаш рет баяғы Ертайға Құралайға арнап өлең жазып бергенін қыз біліп қалып, мысқылдай жымығаны, ертесіне Құралайдың артқы партадағы қыздардың қасына орнын ауыстыратыны бар емес пе? Мектеп бітірерде клубтан шығып келе жатқанында, Ертаймен қолтықтасып кетіп бара жатқан Құралайдың бұған қарап: «Немене, Бисенов, танымай қалдың ба?» – деп сыңғырлай күлетінінде оның еріндерінен жымысқы күлкі жылт еткен жоқ па еді? Содан бері осы бір жымысқы күлгіден құтыла алмай-

ақ қойды ғой. Жұрттың бәрі бұған солай күліп тұратын сияқты. Жұрттың езуінен соны көрсе, жігері күм болады. Оның жұрттан қашқақтап жүретіні де содан. Ақыры сол күлкінің мағынасын бүгін түсініп отыр.

Сөйтсе, «аяу мен мысқылдың жиренішті қосындысынан тұратын осы бір жексұрын күлкінің аты – мүсіркеушілік» екен. «Жұрт тек сүйсінуге де, жек көруге де тұрмайтын бейшара адамдарды ғана мүсіркейді екен. Сорлылығын күстаналай отырып мүсіркейді екен».

Осы жымысқы күлкіде бір әділдік барына да бүгін көзі жетті. Соны уақытында сарапқа салып, пайымдай алмауы батылсыздығынан екенін де ұқты. Бірақ соны кеш түсінгенін айтсаңшы! Бұл жымысқы күлкі «үзілген үміт, орындалмаған армандарға үнсіз оқылатын дұға екен. Бұл дүниеде өмірлік мақсатқа айнала алмай, белді бекем буып кірісетін тәуекел таба алмай шәйіт кеткен ізгі үміт, жақсы армандардан обал не бар тәйірі! ...Дүниедегі ең қара бет опасыздық көкірегіне уыз боп ұйыған ізгі арманның алдындағы опасыздық көрінеді» [1,368].

Әңгіменің басынан аяғына дейін сайқымазақ күлкі – самоирония желі тартып отырады. Прозадағы лиризм осы самоирониямен астасып, адамның ішкі психологиясын мысқылмен ашатын талдаушылық көзқарасты жайып салады. Әңгімедегі «жымысқы күлкі» – шығарманың концептуальдық жүгін көтеріп тұрған образ-символ. Осы «жымысқы күлкінің» астарында терең мән бар. Адамның өмір жолындағы талай шырғаландардың, тағдыр талайының себептік-салдарлық мәнін ашуда осы бір символ ерекше қуатпен қарқын алып, «адамтанытушылық» қызмет атқарады. Адам табиғатында елеусіз ештеңе болмайтынын, жете мән берсек, кез келген құбылыстың, тіпті әрбір «күлкі құбылысының» астарында сыздаған сыр жататынын дәлелдейтін тамаша символ. Және бұл деталь ретінде жай ғана жолай кезігіп, шығарма сюжетіндегі бір сәттік «қызметін өтеуге» ғана емес, әңгіменің бүкіл композициялық-мазмұндық арқауындағы ең өзекті мәселені оқырманға тереңірек жеткізуге, көркемдік қуатпен сезіндіруге апаратын ерекше қолданыс!

Шығарманың концептуальдық түйіні «Кісіге мынау кара жерді қалтырамай нық бастыратын ойыңа алған мақсат жолында белді бекем бұған нар тәуекел мен орындалған арман екен ғой» деген сөйлемдегі ғибратты ойда жатыр. Жазушы әлеуметтік құбылыстың психологиялық аспектісін зерттейді, адамға деген махаббат, оның қателіктерін қайталамауы мен болашағына

деген сенім – жазушы шығармашылығының орталық тақырыбы. Соларды оқи отырып, оқырмандарын уақыт туралы, өзі туралы ойлантады.

Жазушы шығармашылығында иронияның әмбебап қызметін ұтырлы пайдаланады. Ирония суреттеудің, бейнелеудің, сондай-ақ пайымдаудың астарында әдемі үйлесім тауып, философиялық, психологиялық, әлеуметтік талдаулар тұсында оңтайлы қызметке жұмсалып отырады. Көбінесе авторлық баяндаудағы жазушы интенциясынан көрінетін ирониялық бағалау көркем мәтіннің концептуальдық өзегімен орайласып, автордың талдаушылық, бағалаушылық шеберлігінің өтімді бір амалы

ретінде танылады. Және бұл жағдай оқырман ойымен де жарасым тауып, әсерлі қабылданады әрі сыни зерделеу нысанына бағыт береді. Бұл орайда, алуан түр-реңктерде келетін күлкі өрнектері – жазушы стиліндегі бірегей құбылыстардың бірі.

1. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 2-том. Алматы. Жазушы, 1989. 408 б.

2. Мүсірепов Ф. Күнделік. Алматы. Ана тілі, 1997.

3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы. Жазушы, 1986.

4. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1981.

5. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1984.

6. Хализев В.Е. Теория литературы. М., Высшая школа, 2000.

*Т. Сейдімханова*

## АҚҚУ, ТҮЛПАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ С.СЕЙФУЛЛИН ОЙ-ШКІРЛЕРІ

Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» еңбегінде, жаңа келген аласапыран заманның ұйытқы тұлғасы бола тұра, сол дәстүрдің төл перзенті болып, сол кезеңнің мүдесі үшін қайыспас күрескер боп жүргеннің өзінде халықтың наным – сенімдері, әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері ерекше таным – түсініктері жайлы бір сыдырғы мағұлмат бере білген. Әнші, пері деген ұғымдарға, олардың адам баласына зиянды, зиянсыз болып екі топқа жататындығына, ақындық, әншілік, байлық, бақ пен тақтың, дарын мен таланттың киелі иелері болатындығын айта келе, Сәкен халықтың, қосымша кәсібінің бір саласы – аңшылық, аушылық, саятшылық екендігін, соған орай тау құсы қырандары жайлы толып жатқан әдемі өлең – жырлардың барына тоқталған. Сәкен қазақ халқының құс иесіне құрметтің ерекше екенін дәл айтқан.

Ақан серінің «Көк жендеті» жайлы әңгіме саралай келе, қазақ халқының аққу құсын барынша қасиетті санайтынына тоқталады: «Қазақ атаулы елдің көркем әдебиетінде аққу құс – сұлу суретті сөздермен, сұлу қиялды ертектен әңгімеленеді.» Мысалы: «Едіге батырдың» ертегі әңгімесінде, оның әкесі белгілі Баба түкті шашты Әзиз әулие еді, - дейді. Анасы – Аққу құстың кебінін киген, аққудың суретіне кіріп, даладағы тұнық тұңғиықты, күміс сұлу көлге ұшып келіп шомылып жүретін

перінің сұлу қызы еді», - деген аңыздан үзінді келтіреді. [1.218]

Баба түкті шашты Әзиздің сүйгеннің аққу екендігі жайлы аңыз – әңгімені жазушы осылай тілге тиек етіп, оқырманға ой салар сындарлы сыр жайлы осылай тарқатады. «Бұл әңгімеге сену – сенбесі әркімнің ой – парасатының қарымы, сезім қиялының қатпары, таным – түсінігінің деңгейі білер, мәселе осындай аңызды қаз – қалпында, бұзбай, халық мұрасына балап, кейінгі ұрпаққа жеткізуі – жазушы қарым – қабілетін танытса керек», - деп өз ойын тұжырымдайды.

С.Сейфуллин шешендік сөздердегі аққуды қасиетті ұғым – түсінікке балап тілге тиек етеді. Едіге бидің, Асан бидің сөз саптаулары мысалға келтірген. Сол билердің шешендік сөздері қазақ халқы үшін арқылы аққудың қадыр – қасиетінің зор екендігін ашып көрсеткен: «Жәңгір хан өзінің бір зор қайғысынан басын көтермей жатып алған екен дейді. Талай шешендер, билер келіп, көңіл айтып, «басыңызды көтер!» дегендеріне Жәңгір хан басын көтермеген екен. Сонда шешендігімен жаңадан билер қатарына қосылған, Арғын Сүйіндік Едіге би келіп:

Аққу құс ұшып көлге кетті.

Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті...

Ақ сұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан...

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,